

## Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2013 жылғы 6 желтоқсандағы № 127 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 18 желтоқсанда № 4362 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2014 жылғы 29 тамыздағы № 206 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 29.08.2014 № 206 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.09.2014 бастап туындаған қатынастарға таратылады).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 16-бабының 4) тармақшасына сәйкес Сарыкөл аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды (бұдан әрі - кемтар балалар) үйде оқытуға жұмсаған шығындары (бұдан әрі - оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) жеке оқыту жоспары бойынша ай сайын сегіз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өндіріп алынсын.

2. Мыналар:

1) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу "Сарыкөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүргізіледі;

2) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үйде оқытылатын кемтар балалардың ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне ұсынылады (бұдан әрі - алушы);

3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін алушы мынадай құжаттардың көшірмелерін ұсынады: өтініш;

алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін; кемтар балалар үшін – баланың туу туралы куәлігінің көшірмесін; тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты; психологиялық - медициналық - педагогикалық консультацияның

қ о р ы т ы н д ы с ы н ;

мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесін;  
банктегі шоттың бар болуы туралы құжаттың көшірмесін;  
үйде оқытылатынын растайтын құжатты;

4) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тиісті оқу жылы ағымында жүргізіледі, әрбір кемтар балаға (балаларға) ай сайын көрсетіледі деп а й қ ы н д а л с ы н .

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және өз әрекетін 2013 жылғы 2 қыркүйектен бастап туындаған қатынастарға таратады.

К е з е к т е н т ы с  
сессияның төрайымы Қ. Дәндібаева

А у д а н д ы қ  
мәслихат хатшысы А. Қарашолақов

КЕЛІСІЛДІ:

"Сарыкөл ауданы әкімдігінің  
жұмыспен қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік  
мекемесі басшысының м.а.

\_\_\_\_\_ А. Апареев

Сарыкөл ауданы әкімдігінің  
экономика және бюджеттік  
жоспарлау бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ А. Бекпанов